Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 82-83

«АЛМА-ТВ» КОМПАНИЯСЫ – ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ КАБЕЛЬДІК TV ОПЕРАТОРЫ

Тілепбергенова Ж.

«ALMA-TV» («Алма-ТВ») телекоммуникациялық компаниялардың бірі, бастапқыда оның меншік иесі "Алма-ТВ" ЖАҚ болды. Тәуліктің 24 сағатына әлемнің ең алдынғы таңдаулы телеарналарының бағдарламаларын бірнеше пакет/десте түрінде тұтынушыларына ақылы түрде таратады. Қызмет көрсету аясы - кабельдік бағытта Алматы мен Астана және облыс орталықтарында филиалдары жұмыс істейді.

Компания кабельдік саладағы аса ірі магнаттардың бірі. Хабарларын тек орыс тілдерінде таратқан, соңғы кезде мемлекеттік тілде де іске асыруда.

Компания келесі қызмет түрлерін көрсетеді: кабельді теледидарлама; лимитсіз/шектеусіз Интернет; MMDS; HDTV (жоғары анықтылықты TV); Интернетке кеңжолақты қолжеткізім.

«АЛМА-ТВ» тарихы компания негізі қаланған уақыттан - 1994 жылдан басталады. Компания құрылғанда 50 % акция көлемі «Алма-ТВ» ЖАҚ-ң, қалған пайызы американдық коммуникациялық компания «Metromedia International Telecommunications Inc» пен қазақстандық «Cominvest», сонымен қатар физикалық тұлғалардың құзырында болса, қазір (2002 жылдан бері Metromedia компаниясы өз акцияларын қазақстандықтарға берді) отандық компания.

Компанияның келешектегі жоспары - «АЛМА-ТВ» - әр үйге» корпоративтік стратегиясын жүзеге асыру аясында Қазақстанның ірі қалаларының барлығына жылжу және қызмет түрлерін ендіру болып табылады.

Компанияның тарихы - түпкілікті пайдаланушы үшін барынша мол қолайлы қызметпен қамтамасыз ететін, техникалық шешімдерді серпінді дамытудың жарқын мысалы. Телекоммуникацияның қазақстандық нарығында байыпты қатысушы ретінде көрінген компания басынан бастап тұтынушыға қызметтің кеңейген кешенін ұсынуға бағытталмақ. Компания осындай мақсатпен жүйелік инфрақұрылымды модернизациялауды жүзеге асыруда.

Бүгінгі күні «АЛМА-ТВ» - кабельдік теледидарлама мен мәліметтерді беретін қазақстандық операторлар арасында көшбасшы. Компания аналогтық форматпен дүние жүзінен 70-тен астам телеканалды және 100-ден астамды цифрлық әдіспен ретранслациялауды іске асыруда. Программа/бағдарлама пакеттері халықтың әр түрлі қауымы мүддесін ескере отырып, қалыптасуда. Бұлар - фильмдік, балалар, жаңалық, спорттық, ғылыми-танымдық, музыкалық теледидарламалаық арналар.

«АЛМА-ТВ» клиенттері жер жүзінен - Европа, АҚШ, Жапония, Түркия, Қытай, Ресей, әлбетте, Қазақстанның теледидарламалық бизнесі өкілдері

дайындаған бағдарламаларды көреді. Кабельдік Интернет қызметін пайдаланушылар оның қолайлы екендігін бағалай алады, ол бос телефонның әрқашан болуы, жылдам режимді таңдау мүмкіндігі, қосылыстың беріктігі, қолжетімді тарифтер. Компания абоненттері қосымша Интернет-сервис, электрондық пошта, ойындық серверлер, Web-сайттарды құру және қолдауды да қолдана алады.

Жақын келешекте қатысу географиясын одан әрі ұлғайту ғана емес, ең алдымен телекоммуникациялық технология саласындағы соңғы жетістіктерді қолдана отырып, компанияның техникалық қайта жарақтануы. Қазірдің өзінде Алматы қаласында кабельдік жүйенің абоненттеріне де, жеке қондырғы (MMDS) пайдаланушыларына да қолжетімді болатын цифрлық TV қызметін белсене жүзеге асыруда. Цифрлық теледидарлама қазақстандықтардың кең қауымына ақпараттық саланың технологиялық прогресті жетістіктеріне жетуге, коммуникация саласында сапаның жетекші әлемдік стандарттары деңгейіне шығуға, TV аудиториясының біртұтас жаһандық жүйесіне одақтаса құрылуға және жоғары дамыған елдерге тән хабарлаудың осы заманғы кешендері клиенттері ретінде тұғырлануға мүмкіндік береді.

Цифрлық хабарлар ұсынатын қызметтің сан алуандығы абоненттерге жайлы демалыс пен жеңіл орындалатын жұмыс процесі туралы арманын толық жүзеге асыруға жол ашады. Абоненттерге цифрлық TV қызметін таңдаудың әр түрлі нұсқаларын ұсынады: бір немесе бірнеше тақырыптық программалар пакетін қосудан бастап кейбір қызықтыратын арналарға ие болуға дейінгі. Жақын келешектегі жоспарларда интербелсенді тапсырыс қызметін ұсыну (алдын-ала хабарлау бойынша бейне көру, қолайлы уақытта қызықтыратын жаңалықтар, аралық оқыту, т.б.).

Қызмет көрсетудің және клиенттерге сервистік қызмет ету деңгейінің жоғары сапасы бар мұның бәрі бірігіп, қазақстандық телекоммуникация нарығында жетекші тұғырды нығайту мен сақтау үшін одан әрі күресте компанияның басты артықшылығы болады.

Ғылыми жетекші: Қ.Ж.Наурыз